

Ленин

ҚН(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 206 (8666)

1945 жылғы 19 октябрь Жұма

Шығуына 27-жыл
Нөсін саны 20 тыйын

Отанды қорғаушыларға және олардың үй іштеріне қамқорлық

Жақында ССРО Одағы Халық Комиссарлары Советі соғыста қаза тапқандардың үй іштеріне, Отан соғысының мүгедектеріне, әскери қызметкерлердің және әскерден босатылғандардың үй іштеріне қосымша жеңілдік және заттай көмек беру туралы қаулы шығарды. Бұрынғылардың үстіне қосылып отырған бұл қосымша жеңілдіктер Отанды қорғаушыларға және олардың үй іштеріне, отанымыздың игілігі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қайрат-жігерін, қасық қанын аямай, тіпті басын құрбан еткен ерлерге Совет мемлекетінің жасап отырған қамқорлығын көрсетеді.

Әскери қызметкерлердің үй іштері үшін совет заңында белгіленген жеңілдіктердің түрі сан алуан. Ондай жеңілдік салықтар жөнінен, мемлекет алдындағы міндеттемелі барлық түрі жөнінен, балаларды оқыту жөнінен, үй жөнінен, жабдықтау тағы басқа мәселелер жөнінен берілетін болып отыр. Мысалы, әскери қызметкерлердің үй ішіндегі мемлекеттен жәрдем алатын адамдар соғыс салығынан толық босатылады, ал әскери қызметкерлердің әйелдерінің бәрі бойдақтарға, жеке басты адамдарға, үй ішінде адамы аз азаматтарға салынатын салықтан босатылады. Үйінде 7 жасқа дейін баласы бар әйелі қалған және еңбекке жарайтын басқа адамы жоқ қызыләскерлердің, сержанттардың, старшиналардың шаруашылығы мемлекетке міндетті түрде ауыл шаруашылық өнімдерін тапсырудан толық босатылады. Әскер қызметіндегі қызыләскердің, сержанттың, старшинаның балалары орта мектептің 8—10 кластарында, техникумдар мен жоғары дәрежелі оқу орындарында оқығаны үшін ақша төлеуден босатылады. Қызыл Армия қатарында жүргендердің

адамдарынан айырылған үйлерге осындай қамқорлық етіп отыр. Мысалы, Кушвин руднигінің жұмысшылары 40 үйді қамқорлығына алды, оларға үнемі көмектесіп келеді. Бұл рудник көп балалы Татьяна Нестеровна Инкинаға үй сатып әперген, оған керекті жиһаз-жабдық сатып әперген. Оның балаларына аяқ киім және сырт киім берген, жас балаларын балалар бақшасына орналастырған, ал қаза тапқан жауынгердің әйелін жұмысқа орналастырған. Қаза тапқан жауынгер Вайсуловтың әйеліне өзінің мамандығын арттыруына көмек көрсетілген, оның балаларына аяқ киім, көрпе берілген. Облыстың көптеген көшіп орындары мен мекемелерінің және колхоздарының коллективтері жауынгерлердің жетім қалған балаларын өздерінің қамқорлықтарына алған. Мысалы, Сталин атындағы танк заводы 120 баланы алып, толық күтіп тұратын болған.

Мұндай мысалдарды басқа қалалар мен облыстардан да көп келтіруге болады. Қазір ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша, басты адамдары майданда қаза тапқан үйлердің шаруашылықтары өткен жылдардың салықтарынан және міндеттемелерінен қалған бөрыштарының бәрінен босатылатын болып отыр. Олардың балалары оқуға ақы төлеуден босатылады. Мұндай үйлерге 1946 жылдың аяғына дейін бұрын әскер қызметіндегілердің үй іштеріне берілген көмек толық беріліп тұрады. Олар үй салып алуға, үйлерін жөндеуге ұзақ мерзімді қарыз алуға, құрылыс ағаштары мен дайындауға тегін ағаш кесіп алуға тағы сондай көмектер алуға иәрауылы. Мұндай үйлердің еңбекке жарамсыз болғандықтан пенсия алып тұрған адамдарының бәрі майданда қаза тапқан жауын-

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАТАРЫНА КАНДИДАТТАР ҰСЫНУ

Магнитогор домнашысы А. Л. Шатилин Орталық сайлау комиссиясына кандидат

МАГНИТОГОР. 17 октябрь. (ТАСС). 16 октябрьде Магнитогор металлургия комбинатының барлық цехтарында жұмысшылардың жыйылымы болды. Жыйылыста металлургияшылардың сайлау науқанына қатысуы жөнінде мәселе талқыланды. Домнашылар коллективінің жыйылысында орталық сайлау комиссиясының қатарына комбинаттың атақты домнашысы Алексей Леонтьевич Шатилиннің кандидатурасын ұсыну жөнінде ұсыныс жасалды.

Жыйылыста сөз алып сөйлеген көшпi Андросов жолдас большевиктер партиясының адал ұлы, көшпiден шеберге дейін өсу жолынан өткен, озат өндірісші Алексей Леонтьевич Шатилинді ыспаттады. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік еңбек істегені, Мемлекеттік Қорғау Комитетінің тапсырмаларын мұлтіксіз орындағаны үшін Шатилин жолдас екі рет Ленин орденімен наградталды.

Шатилин жолдастың кандидатурасы Магнитогор комбинатының басқа цехта-

рында да кеңінен талқыланды. Электршілер бригадирі Гольдин жолдас Шатилин жолдастың кандидатурасын қолдап, былай делі:

—Комсомол домнашының тамаша шебері, Отанымыздың игі жақсы азаматы ретінде Шатилин жолдасты жақсы білемін. Домнашылардың жас ұрпақтарын тәрбиелеу ісіне Алексей Леонтьевич көп күш-жігер жұмсады. Мен біздің цехтың барлық жұмысшыларын Шатилин жолдастың кандидатурасына дауыс беруге шақырамын.

Магнитогор комбинатының барлық цехының коллективтері А. Л. Шатилиннің кандидатурасын бірауыздан ұсынды.

Бұл күндерде магнитогорлықтар творчестволық зор жігермен жұмыс істеуде.

Магнитогор комбинатының барлық цехтарында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 28 жылдығы хұрметіне социалистік жарыс күннен-күнге өріс алуда. (ТАСС).

Кәсіпшілер Одақтары Орталық Советінің Президиумында Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советі Орталық сайлау комиссиясының қатарына З. В. Кузнецов жолдастың кандидатурасын ұсынды

16 октябрьде Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советі Президиумының Кәсіпшілер Одақтары Орталық Комитеттерінің председателдерімен бас қосқан мәжілісі болды. Мәжілісте ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі Орталық сайлау комиссиясының қатарына Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің

бүгін ССР Одағының екінші рет сайланған Жоғарғы Советін сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясына Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советіне өз кандидатурамызды ұсыну үшін жыйналдық.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Секретарі Соловьев

Облыстық совет атқомінде

Солтүстік Қазақстан облысының ауыл-село-советтері республикалық социалистік жарысының бірінші кезеңінің қорытындылары туралы

Ауыл-село-советтердің бірінші кезеңі социалистік жарыс шарттарын орындауы туралы аудандық совет атқару комитеттері тапсырған деректерді қарап, еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомі көптеген ауыл-село-советтердің Қазақ ССРның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған республикалық социалистік жарысқа қосылып, саяси-шаруашылық және әлеуметтік мәдениет жұмыстары мен облыс колхоздарындағы, МТС-тар мен совхоздарындағы социалистік жарысқа басшылықты анағұрлым жақсы ұйымдастырғандығын атап көрсетті.

Социалистік жарыстың бірінші кезеңінде 98 ауыл-село-совет 1945 жылғы көктемгі егісті өткізуде зор табыстарға жетті, егісті өткен жылғыға қарағанда, анағұрлым ұйымдастырылған түрде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. 70 ауыл-село-совет тұқым қорының 100 процент құйылуын қамтамасыз етті. Ауыл-село-советтер елді жерлері тәртіпке келтіру, қораларды көң-қоқырдан тазалау және көшелерді көгалдандыру жөнінде көп жұмыстар істеді. 6000 түп ағаш отырғызылды, колхозшылардың 15 мыңдай үйлері ағартылды, 800 дей құдық жөндеп, тазаланды.

Ауыл-село-советтердің ұйымдастыру-көшпiлік жұмысы анағұрлым жақсарылды. Советтер өздерінің маңына көптеген активтерді топтастыра отырып, олар арқылы сайлаушылармен байланысты жүзеге асыруда. Социалистік жарыстың бірінші кезеңінде ауыл-село-совет

Совет ауданындағы Полтава советі (председателі Бухаренко жолдас); Совет ауданындағы Аманкелді ауылы (председателі Құсайынов жолдас); Совет ауданындағы Сөнной советі (председателі Лещенко жолдас); Ленин ауданындағы Яснов село-веті (председателі Пашков жолдас); Ленин ауданындағы Тұңғыш советі (председателі Жолдыбаев жолдас).

2. Еңбекшілер депутаттарының адалдық совет атқомдеріне ауыл-село-советтердің социалистік жарысына белықты жақсарту, сөйтіп Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ауыл-село-советтердің республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру туы 1945 жылғы 21 апрельдегі қаулысымен бекітіліп, бұл үшін:

а) ай сайын ауыл-село-советтерінде социалистік жарыс қорының орындалу барысы және оған міндеттемелердің орындалу нәтижелері туралы тұрақты комиссияларды құрып, баяндамалары талқыланып;

б) ең кем дегенде айына екі рет аудандық совет атқомдерінің ауыл-село-совет председателдерімен және совет активтері мен басқосқан кеңейтілген мәжілістері өткізіліп, бұл мәжілістер социалистік жарыс нәтижелерін талқылауға қатысатын;

в) социалистік жарыстың әрбір кезеңіне аяқталысымен ауыл-село-совет

шығады.

Совет мемлекеті осы жеңілдік тағы басқа жеңілдіктерді белгілегенде әскер қызметіндегі әрбір адамның үй іші заң бойынша алуға тиісті көмегінің бәрін тәулік алатын болуын көздеп отыр және бұл көмектің берілуіне күнделікті бақылау қойып отыр. Мұндай бақылауды үкмет әскер қызметіндегілердің үй ішін мемлекеттік жолмен қамтамасыз ету және олардың тұрмысына қарасу жөніндегі бөлімдерге жүктеп отыр. Олар берілген көмектің дұрыстығын ішінара және жаппай түрде үнемі тексеріп отырады. Осының нәтижесінде жергілікті совет, финан тағы басқа орындар жіберген жеке қателерді анық, оны түзеіп отырады. Мысалы, Дағыстан АССР-нда осындай тексерудің нәтижесінде отанымызды қорғаушылардың үй іштерінен 2.316 үй соғыс салығынан босатылды. Куйбышев облысында мұндай тексеруден кейін 1.548 үй пәтеракы жөнінен бұрынғының үстіне қосымша жеңілдік алды. Ленинградта әскер қызметіндегілердің үй ішіне салық дұрыс салынбауы сыяқты бір-сыпыра жағдай ашылды. Бұлардың бәрінде орынсыз алынған салық қайтарылды, ал заңды бұзған қызметкерлерге тиісті жаза берілді.

Мемлекеттің бұл орасан зор көмегіне бүкіл халқымыздың отанды қорғаушылардың үй іштеріне деген қамқорлығы ұштасып отырады. Бұл қамқорлық халқымыздың асқан отаныншылығының майдан мен тылдың, армия мен халықтың бірлігінің айқын бейнесі болды. Міне, бұл бірлік жеңіске жетуіміздің шешуші мәселесі болды және бұл Советтік мемлекетіміздің соғыстық-экономикалық қуатын және ел қорғау күшін бұрынғыдан да нығайта беруге асқан зор қозғаушы күш болады.

Біздің сталиндік данқты Оралдың еңбекшілері осындай халықтық жігердің және қамқорлықтың үлгісін көрсетіп отыр.

Свердлов облысының Горо-Благодатруднигі үй ішін басқаратын адамдары соғыстан бұрын осында істеген, кейін соғыста қаза тапқан жауынгерлердің үй ішіне қамқорлық жасап отыр. Қамқорлық жасаушылар мұндай үйлерге барып, олардың неге мұхтаж болып отырғанын әбден анықтап, оларға хажетті көмек көрсетті. Бұл бастаманы жұртшылық қуаттады және барлық жерде қолдана бастады. Первоуральскі, Нижни Тагил, Каменскі-Уральскі қалаларының облысы тағы басқа қалаларының кәсіп-орындары отай үшін ұрыстарда басты

тердің үй іштеріне және қаза тапқан жауынгерлердің үй іштеріне беріледі.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің жақында шығарған қаулысы бойынша берілетін қосымша жеңілдіктер бірсыпырасын айтқанның өзінде бейнделі болғалы отыр. Бұл адамдарға деген сталиндік аталық қамқорлықты көрсетеді. Бұл қамқорлық совет әліде Мемлекеттік заңға және халықтың дәстүріне айналып отыр. В. М. Молотов гитлершіл Германияны талқандап Жеңіске жеткен күні: «Қаза тапқан жауынгерлер және герман фашизмін қырғынға ұшыратқан еансыз көп адамдар біздің өсімізде, өркіміміз сақталады. Соғыс мүгедектері алдындағы басты аламынан айырылған үйлер алдындағы ұлы борыншымызды біз адал өтейміз» деген болатын. Молотов жолдастың бұл сөзі осылай іске асырылып жатыр.

Қай елде болса да басты аламынан айырылған үйдің тағдыр тіршілігі тең оның өзіне таптана іс болып саналады. Бізде олардың тағдыр тіршілігіне мемлекет және бүкіл халық қамқорлық етеді. Қазіргі міндет мемлекет беріп отырған көмек пен жеңілдіктің барлық түрінің дұрыс қолданылуын, барынша мұқият бақылауда халықтың жігерін, талабын бұрыштыдан да кең өрістетіп, жергілікті күштер мен қорлардың бәрін неғұрлым дұрыс пайдалануда болып отыр. Бұл жөнінде әскер қызметіндегілердің үй ішін мемлекет жолымен қамтамасыз ету және олардың тұрмысына қарасу жөніндегі бөлімдердің алатын орны соғыстан кейін бұрынғысынан кемімейтін біздің тұрмыс, қайта анағұрлым арта түседі. Отанды қорғаушылардың үй іштерінде көңіл болу, қамқорлықтың барынша күшейту әрбір партия ұйымының, жергілікті советтің, кәсіпорнның, колхоздың, мекеменің тікелей және хасиетті борышы болып табылады. Отанды қорғаушылардың үй ішінің мұқтажды, правосы жөнінде төрешілік, мейірімсіздік, чиновниктік, салақтық жасаушылықтың қандайына болса да ешбір жол беруге болмайды. Оларға қамқорлық ету соғыс жылдарында біздің Қызыл Армияға қамқоршымыздың жартысына тең түсетін іс болып саналды, қазір соғысты жеңіспен аяқтап отырған кезің өзінде де бұл қамқорлық сондай маңызды іс болып қала бермек.

(«Правданың» 11 октябрьдегі бас-мақаласынан).

— ССР Одағы Конституциясына және «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 36-статьясына сәйкес, — дейді. Сидоренко жолдас. — кәсіпшілер одақтары сайлау комиссияларына өздерінің кандидаттарын ұсынуға праволы. Біз

Москва коммунистік ұйымына Г. М. Попов жолдасдың кандидат расы ұсынылды

БК(б)П Москва Комитеті «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ережеге» сәйкес құрылған орталық сайлау комиссиясының қатарына кандидатуралар ұсыну туралы мәселе талқылап, БК(б)П Москва облыстық және қалалық комитеттері-

ның Советінің сайлауы жөніндегі орталық сайлау комиссиясының қатарына Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одақтық Орталық Советінің председатели Василий Васильевич Кузнецов жолдасы кандидат етіп ұсынууды ұйғарды.

ның секретарі, еңбекшілер депутаттарының Москва Советі атқару комитетінің председатели Георгий Михайлович Попов жолдасы Москва коммунистік ұйымынан орталық сайлау комиссиясының қатарына кандидат етіп ұсынды.

ССРО саяси-ағарту мекемелерінің қызметкерлері кәсіпшілер одағының Орталық Комитеті орталық сайлау комиссиясының қатарына Н. Н. Шаталкин жолдасының кандидатурасын ұсынды

ССРО саяси-ағарту мекемелері қызметкерлерінің кәсіпшілер одағы Орталық Комитетінің Президиумы ССРО саяси-ағарту мекемелері қызметкерлерінің кәсіпшілер одағынан ССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі орталық сайлау комис-

сиясының қатарына осы кәсіпшілер одағының белсенді мүшесі, орталық мемлекеттік шараларының қорықт. қызметкері Н. Н. Шаталкин жолдасы кандидат етіп ұсынды.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

ҮГІТШІЛЕР БҰРЫНҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ КЕЛДІ

ИРКУТСКІ, 16 октябрь. (ТАСС). БК(б)П Қалалық комитетінің үгітшілері еңбекшілерді «ССРО Жоғарғы Советіне сайлау Ережесімен» таныстыруда. Қаланың Киров, Сталин және Ленин аудандарында 300 үгітші бұрынғы сайлау учаскелерінде алғашқы рет әңгіме өткізді.

Облыс аудандарында үгітшілер топтары басшыларының және нәсихатшыларының ССРО Жоғарғы Советіне сайлауға әзірлену мәселелеріне арналған мәслихаттары шақырылуда.

ОДАҚ СОВЕТІ МЕН ҰЛТТАР СОВЕТІНЕ САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН ҚҰРУ

ССРО Конституциясының 34, 35 және «ССРО Жоғарғы Советіне сайлау Ережесінің» 24, 25, 26 статьялары негізінде, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының осы жылы 16 октябрьдегі Указы бойынша Одақ Советіне сайлау жөнінде 659 сайлау округы және Ұлттар Советіне сайлау жөнінде 630 сайлау округы құрылды.

БАЛТЫҚ ФЛОТЫНЫҢ СЫРТТАН ОҚУШЫ СТУДЕНТТЕРІ

Аға қызылфлотшы Кольцов аймағы екі-үш рет Москваның инженерлік-экономика институтының атына конвертті толтыра хат жібереді. Бұл — сырттан оқу бөлімінің жіберген сұрақтарына жауап. Кольцов сүңгуір қайықта жүріп, институттың сырттан оқу бөлімінде оқиды.

Сол сыяқты, аға қызылфлотшы Зеленов бос уақытында архитектураны үйренеді. Соғыстан бұрын ол Горький қаласында архитектура техникумын бітірді. Қазір ол Ленинградтың архитектура-құрылыс институтында сырттан оқын жүр.

Гвардия зеңбірекшілер Ливневский мен

УКРАИНАДА ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАР ЖЫЙНАУ

Украинада Отан Соғысының тарихын жазу жөніндегі комиссия зор жұмыстар істеуде.

Комиссияның соғыс-партизан бөлімі партизан отрядтары мен құрамаларының 140 командирінің есте қалған әңгімелерін жазып алды. Оның ішінде Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған С. А. Ковпак, А. Федоров, Советтер Одағының батырлары Сабуров, Наумов, Кле

муныммен қатар, облыстық совет атқомі Конохов, Полудень, Булаев, Преснов аудандық совет атқару комитеттерінің ауыл-селолық советтердің социалистік жауысына қанағаттанғысыз басшылық жасағандығын, социалистік жарыста алынған міндеттемелерді орындау жөнінде оларға нақтылы көмек көрсетпегендігін атап көрсетті. Бұл аудандық совет атқомдері Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл Тулары мен ақшадай сыйлықтарын алуға кандидат етіп, бірде-бір ауыл-селолық советті ұсынбады.

Облыстық совет атқомі қаулы етті:

1. Ауыл-селолық советтердің Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдас-тырылған республикалық социалистік жарысы жөніндегі үкмет комиссиясына социалистік жарыстың бірінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша мына ауыл-селолық советтер ұсынылсын:

Приешім ауданындағы Калинин атындағы селолық советі (председателі Жуков жолдас);

Мамлют ауданындағы Воскресеновскі селолық советі (председателі Серегин жолдас);

мен талқыланысын.

3. Аудандық совет атқомдері мен селолық советтердің председатели еңгілік ұйымдастыру жұмысын: туга, барлық депутаттар мен акти советтердің жұмысына қатыстыру, ауыл-селолық советтердің сайлаумен байланысын күшейтуге, кезеңде барлық депутаттардың өз сайлаушылары алдында есеп беруін қастыруға ерекше назар аудару, рылсын.

4. Облыстық совет атқомі социал-жарыстың бірінші және екінші кезеңінде алынған міндеттемелердің орын-жұмын тексеру жөніндегі жұмыста мүлде нашар ұйымдастырылып от-дығын атап көрсетеді. Аудандық атқомдерін екінші және үшінші кезеңінде алынған міндеттемелердің орында-тексеруді ұйымдастыруға, әрбір ау-лолық советтің Қазақ ССР-ның 25 ж-ғы хұрметіне ұйымдастырылған рес-калық социалистік жарыстың екін-не үшінші кезеңдеріндегі барлық-тарды толық орындауына жетісуі-деттелсін.

СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛД ТБЛИСИГЕ БАРМАҚ

19 октябрьде Тблсиде Грузия жазушыларының грузиннің атакты-ны Н. Бараташвилидің өлгеніне жыл толуына арналған пленумы ап-ды. ССРО Совет жазушылар Одағы Басқармасы бұл пленумының жұмы-қатынасу үшін өкілдер жібермек. қатарында В. Кожевников, В. Пастер-В. Гольцев, С. Шервинский тағы ба-лары бар.

Бүгін, 17 октябрьде жазушылар Т-сиге жүреді.

ХАРЬКОВТЕГІ ЖАҢА ПОДШИПНИ ЗАВОДЫ

Мұнда Украинадағы тұңғыш подши-п заводының құрылысы кеңінен өріс ал-Завод жыл сайын 10 миллиондай р-және шарик подшипниктерін жасап-гарады. Завод Украина мен Кавказды-томобиль, трактор, велосипед тағы б-өнеркәсіп орындарын қамтыды. Құрылыс алғашқы рет көп жабын-ды. Негізгі қорғушы құрылысы аяқ-ға жақын. Механика және аспап ск-тарына монтаж жүргізіліп жатыр.

Комиссия баспаға 8 томдық документті жыйнап, дайындауға кірісті.

(ТАСС).

АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕС—ЕЛІМІЗДІҢ КҮШ-ҚУАТЫН АРТТЫРУ ҮШІН КҮРЕС!

Бірінші парызды орындады

Преснов ауданындағы «Ортақ көл» ыл шаруашылық әртөлінің мүшелері маты сөлолық ауданындағы Калинин ындағы колхоз мүшелерінің бастамасы йынша, Қазақ ССРның 25 жылдығы ындағы бүкілхалықтық социалистік ырысқа ұштасқан болатын. Олар көктем егісті дер кезінде сапалы аяқтауға, нді жаз бойына ұқыпты күтуге, сөйтіп іннен бітік өнім алынуын қамтамасыз уге, сонымен мемлекет алдындағы бірін парызды мерзімінен бұрын толық ындан шығуға міндеттенген еді. Колхозшылар алған міндеттемені орын у жолында аяпбай жұмыс істеді. Көк игі егісті тұжырымды мерзімде, агро хникалық жоғары сапамен аяқтап шық т. Егіннің жаз бойына ұқыпты түрде тілуін үлгілі ұйымдастырды. Осының тиіжесінде егін өнімді болды.

Колхоз мүшелері Москва колхозшылары ың үлгісі бойынша, егін жыйнау кезін- гі бүкілодақтық социалистік жарыс ту- н барған сайын жоғары ұстай отырып, октябрьде мемлекет алдындағы бірінші ырыз—астық дайындау жоспарын арты змен орындап шықты. Олар мемлекетке 02 центнер орнына, 930 центнер астық асырды. Мұнымен бірге, колхозда 1946 ылдың көктемгі егісіне тұқым қоры то ық құйылып, бір рет тазартылды.

Колхозшылар өздерінің жаз бойына тын ай істеген еңбектерінің игілігін көруде. алғашқы аялстын өзінде ғана әрбір өн- ек күнге 1 килограмнан астық бөлінді.

«Ортақ көл» колхозының колхозшыла ы ауыл шаруашылық жұмыстарының ың жауапты кезеңінде егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыста- ың ойдағыдай жүргізумен бірге, ыбб жұрту және мал қыстатуға әзірлену жөнінде де қажырлы еңбек істеуде.

3. ИМАНБАЕВ.

Астық тапсыруда артта қалды

Бонюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозы мемлекет алдындағы бірінші па- рыз—астық дайындау жоспарын орындау да мүлде артта қалып қойды. Колхозда мемлекетке 1300 центнер орнына, 200 центнер ғана астық тапсырылды.

Колхоз председателі Елубаев жолдас

ХҰРМЕТ ТАКТАСЫ

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа ұштасып, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындаған мына колхоздар Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің ұсы- нуы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАКТА СЫНА жазылады:

Совет ауданындағы АМАНЖЕЛДІ атындағы колхоз (председателі Сер- сенбаев жолдас).

Соколов ауданындағы «ПУТЬ СТАЛИНА» колхозы (председателі Побе- галов жолдас).

ПЕТРОПАВЛ АУДАНЫНАН:

ЖАМБЫЛ атындағы колхоз (председателі Мұқанов жолдас).

КАЛИНИН атындағы колхоз (председателі Тарасов жолдас).

ВОРОШИЛОВ атындағы колхоз (председателі Суворов жолдас).

КИРОВ атындағы колхоз (председателі Резниченко жолдас).

БУДЕННЫЙ атындағы колхоз (председателі Овсянников жолдас).

«УДАРНИК» колхозы (председателі Осташко жолдас).

Облысымызда астық тапсырудың барысы

Дайындау Халық Комиссариаты облыс- тық өкілінің мәліметі бойынша, 16 октя- ьрге дейін облыс колхоздары мен сов- хоздарында мемлекетке астық тапсыру- дың жылдық жоспары 64,6 процент орындалды. Астық дайындау жөніндегі облыс бойынша соңғы бір бес күнгі өсім 5,7 процент болды. Өткен жылы осы уа- қытқа дейін облысымызда астық дайын- дау жоспары 59,3 процент орындалған еді.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысы- ның барысында бұрынғыша Петропавл ауданы алда келеді. Бұл аудан жоспарды 92,3 процент орындады, соңғы бір бес күнде астық дайындау жөнінде 7,3 про- цент өсім берді. Бұл ауданмен социалис- тік жарысқа түскен Полудень ауданы жоспарды 67,1 процент орындады. Мұн- да бес күндік өсім 5,2 процент болды.

Астық дайындау жұмысының қарқыны Приешім және Совет аудандарында өріс- тей түсті. Бір бес күнде Приешім ауда- ны 5,6 процент, ал Совет ауданы 7,3 процент өсім берді. Бұл екі аудан өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Сөйтіп, жоспар Приешім ауданында 76,8 процент, Совет ауданында 76 процент орындалды. Приешім ауданымен социа-

листік жарысқа түскен Ленин ауданында бір бес күнгі өсім 5,9 процент болды. Бұл ауданда жоспардың орындалуы 58 проценттен аздап ғана асты.

Астық дайындауда бұрынғыша Октя- ьрь ауданы төртінші орында, онымен со- циалистік жарысқа түскен Преснов ауда- ны алтыншы орында келеді. Октябрь ау- данында жоспардың орындалуы 65 про- цент болса, Преснов ауданында көрсет- кіш бұдан 4,5 процент кем. Бір бес күн- де Октябрь ауданының берген өсімі 4,7 процент, ал Преснов ауданының берген өсімі 4,3 процент.

Мамлют ауданы Соколов ауданымен социалистік жарысқа түскен еді. Бес күн- гі өсім Мамлют ауданында 4,7 процент, ал Соколов ауданында 4,2 процент бол- ды. Жоспардың орындалуы Мамлют ауда- нында 59 проценттен және Соколов ауда- нында 57 проценттен аздап ғана асты.

Мемлекетке астық тапсыруда әсіресе Бонюхов ауданы артта қалып қойды. Бұл ауданда соңғы бір бес күнгі өсім 4,9 процент болып, жоспардың орындалуы 39 проценттен 0,8 процент ғана артты. Бес күндік өсім Булаев ауданында да мардым- сыз болды. Сөйтіп, бұл ауданда жоспар- дың орындалуы 60,7 процентке зорға жет- ті.

Петропавл ауданының колхоздары егін оруды аяқтады

Республикамыздың 25 жылдығы атын- дағы бүкілхалықтық социалистік жарыс- та алған міндеттемені орындай отырып, Петропавл ауданының колхоздары 15 ок-

тябрьде жыйналды, ал жай машиналармен 9311 гектар егін орылып, мұның 8873 гекта- ры майланды.

Қазір ауданның колхоздарында астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру

Вагоншылардың мерекеге тартуы

Вагон учаскесінің жұмысшылары жұ- мысты өте жақсы істеп, айлық өндірістік жоспарды үнемі артығымен орындап, Ом- бы темір жол бөлімінде бірінші орынға ие болды. Вагон учаскесінде қазір 700 адам жұмыс істеп жүр. Партия ұйымының басшылығымен вагон жөндеушілер социа- листік жарысты кеңінен өрістетіп, өнді- рістік жоспарды үнемі артық орындауда. Қазір вагон учаскесінің барлық жұмыс- шыларының 35 проценті стахановшылар мен екпінділер. Олар қазір қол жеткен табысты баянды ету үшін күресуде. Ва- гон жөндеуші токарь Михайлов жолдас күнделік жұмыс мөлшерін 150—200 про- центке дейін орындап, басқаларға үлгі көрсетуде.

Вагон учаскесінің шебері Николаев жолдас октябрь айының 15 күндік жұ- мыс жоспарын 150 процент орындады. Ал токарь Назаров жолдас тапсырманы үнемі 130 процент, слесарь Семенов жол- дас 120 процент орындайды.

Коллектив қол жеткен табысты баян- ды ете отырып, социалистік жарысты өрістету негізінде бұдан да зор табыстар- ға жете бермек.

Е. ИМАНБАЕВ.

Мереке алдындағы жарыс

Двигательдер жасайтын заводтың кол- лективі үстіміздегі жылдың үшінші тоқса- нының өндірістік жоспарын ойдағыдай орындады. Мұнда ауыл шаруашылық ма- шиналары үшін қосалқы бөлшектер жасау жоспары 103 процент, ал тракторлар үшін қосалқы бөлшек жасау жоспары 102 процент орындалды.

Заводта Агарков жолдасының жұмыс әді- сі кеңінен қолданылды. Еңбек өнімі ар- та түсті. Жұмысшылар іске білек сыбана кірісіп, стахановшылар қатары көбейді. Өткен жылға қарағанда стахановшылар мен екпінділер қатары екі есе өсті.

Социалистік жарыста шойын құюшы- лар цехының жұмысшылары ерекше көз- ге түсті. Бұл цехтың жұмысшылары күн- делік жұмыс мөлшерін артығымен орын- дайды. Үлгі құюшы партия мүшесі Беке- жанов жолдасының атын завод жұмысшы- лары хұрметпен атайды. Оның өндірістік көрсеткіші 350 процент, цех шебері Алек- сандров тапсырманы 300 процент орын- дайды. Жұмысшылар Баязитова, Борисова, Жузенов жолдасар да заводтың игі жақ- сы алампдары болып саналады.

Қазір завод жұмысшылары арасында дақты мереке алдындағы социалистік жарыс өрістей түсті. Завод коллективі жылдық өндірістік жоспарды толық

Жастардың Лондондағы халықаралық конференциясы дайындық комитетінің кезекті мәжілісі

ЛОНДОН, 17 октябрь. (ТАСС). 14 ок- тябьде жастардың халықаралық конфе- ренциясы дайындық комитетінің кезекті мәжілісі болып өтті. Комитет Греция, Фин- лянция, Палестина, Чехословакия, Юлий Крайнасы, АҚШ, Канада және басқа ел- дер жастарының өкілдері туралы мәселе қарады. Немістердің фашизмге қарсы бір- топ жастары өздеріне конференциядан орын беруді өтінді. Фашизмге қарсы не- міс жастарының конференцияның жұмы- сымен танысуына мүмкіндік беру үшін дайындық комитеті бұл топқа конфе- ренцияға бір байқаушы және 45 қонақ жі- беруді ұсыну жөнінде кеңісім жасады. Бұлардың конференцияның жұмысына қатысуға пұраты жоқ.

Комитет халықаралық жасар кеңесі- нің секретарі Китти Хункемнің бұл ке- нестің Румыния, Венгрия, Болгария жас- тары өкілдерінің конференцияға келуі үшін жағдай туғызу туралы мәселені те- зірек шешуді өтініп, Англияның сыртқы істер министрлігіне мәлімдеме тапсырған- дығы туралы хабарын еске алды. Жас- тардың халықаралық ынтымағы және жастардың халықаралық ұйымын құру туралы мәселе егжей-тегжейіне дейін тал- қыланды. Ағылшын өкілдерінің пікірі бо- йынша, бұл ұйым жастардың бейбітшілік тұрмысын қамтамасыз ету үшін қандай ғана болмасын фашизм элементтерінің

жастарға ықпал жасауын жою және жас- тардың мәдени, саяси, спорт және басқа қажеттерін өтеу үшін құрылуға тиіс. Бұл ұйым Біріккен Ұлттар ұйымдары, кәсіпшілер одақтарының халықаралық ұйымдары және басқа ұйымдар алдында жастардың көз қарасын толық білдіруге тиіс.

Совет өкілі В. Иванов өзінің сөзінде халықаралық конференцияның басты мін- деті жастардың халықаралық ұйымын құру болуға тиісті екендігін атап көрсет- ті. Бұл аса зор және тұрмыс жағынан ерекше маңызы бар мақсаттың игілігі үшін конференция жастардың бірлестігі жолында тұрған және кездесуі мүмкін қиыншылықтардың бәрін жеңе алады және жеңуге тиісті. Халықаралық ұйым барлық елдердің жастарына жастардың соғыстан кейінгі барлық міндеттерін өз- ара көмектесу арқылы және достық ру- хында шешу үшін керек фашистерге ті- келей немесе ішінара көмектескен және көмектесіп отырған жастар ұйымдарынан басқа жастардың барлық ұйымдары осы ұйымға келіп бірлесе алады және бірле- суге тиіс.

Мәжілісте конференцияның материалда- ры мен қараларын әзірлейтін комиссия- тар, сол сыяқты жастардың болашақ ха- лықаралық ұйымы уставының жобасын жазып шығаратын комиссия құрылды.

Аргентинадағы жағдай

НЬЮ-ЙОРК, 16 октябрь. (ТАСС). Ар- гентинадағы жағдай барған сайын ши- еленісуде. Баспасөз хабары бойынша, жа- қын арада Буэнос-Айресте полицияның халықпен соқтығысуы кезінде бір адам өліп, 40 немесе 50 адам жараланған. Соқтығыс атты полицияның әскери клуб алдына жыйылған халықты қууға әрекет- тендігінен шыққан. Қолда бар деректер бейыша, демонстрацияшыларға қарсы фа- шистік жастар тобының мүшелері де оқ атқан. Фашистік жастардың бір тобы көшеде жүріп, «Перон жасасын» деп ұран тастаған.

Кампо де Майодағы әскери гарнизон Фаррельдің бүкіл кабинетінің түгелдей орынан түсуін талап етуде бірақ ол Жоғарғы Соттың өкмет билігін өз қолы- на алуын тілемейді. Комитет пен Буэнос-Айрестегі штабтың генералы өкметтің

Жоғарғы Соттың қолына берілуін қуат- тайды. Фаррель мен оны жақтаушылар өздерінің төртінбін сақтауға және олардың Перонды жақтап қалуға тырысуы да мүм- кін. Халықтың көпшілігі өкмет билігін Жоғарғы Соттың қолына беру жөнінде пікір айтуда.

Қазіргі күнде Аргентинада үкмет жоқ. бірақ президент Фаррель соғыс министрі Жнаво және теңіз министрі Лима бар. Қолда бар мәліметтер бойынша, Ла Пла- та өзеніндегі Канонер қайығында Перон тұтқында отырған көрінеді.

«Бірлескен демократияшыл майдан» үкмет билігін Жоғарғы Сотқа беруді та- лап етуде. Бұл майданның қатарында барлық саяси партиялар, тәуелсіз кәсіп- шілер одақтары, студенттер, профессо- лар және басқалары бар.

Португалиядағы жағдай

ЛОНДОН, 15 октябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Лиссабоннан алған хабары бойынша, Салаза үкметі Португалиядағы өрікті сайлау жүргізу туралы оппози- цияның талабына 100 мың адамның қол

пастан бір сағат бұрын олар заң мина- трлігіне және прокурорға өкеліп көрсет- луге тиіс, сөйтіп, олардан газетті шығар- жөнінде рұқсат алынуға тиіс. Португалияның ішкі істер министрі

итамасыз етпей келеді.

Тіпті колхоз басқармасының мүшелері мына күші жетпейді деу сияқты бөгесбені бетке ұстап, еңалдымен өздері үй-іштеріндегі адамдарды жұмысқа ығармай отыр. Мәселен, председатель, оның егін шаруашылығы жөнінде орынбасарының, ферма меңгерушісінің не бригадирдің әйелдері ала жаздай қолдық жұмыс үшін де тигізген іес.

«Жаңа тұрмыс» колхозында еңбек тәртібінің нашарлығынан, астық тапсыру жұмысының кешегідей отырғаны, еңбек әртібін бөсеңдетуге еңалдымен колхоз аспыларының өздері кінәлі екені аудан аспыларына әбден айғақ іс. Бірақ олар а бұл сияқты жолсыздыққа орынсыз өзіп келеді.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

ның колхозында 25 жылдығы атын дағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетіп, мерекеге татымды тар тулар әзірлеуге тынбай күш жұмсап келеді. Сондықтан да бұл бригада колхоз дағы егін бригадаларының ішінде алдыңғы қатарлы бригада болып отыр.

Бригада мүшелері ауыл шаруашылық жұмыстарындағы ең қауырт кезең — егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында жеңісімізге сай еңбек істеді. Егін оруды Б. Баймолдин және А. Ашақымов жолдастар күнделікті тапсырманы үнемі 125-130 процент орындап отырды. Бригадада егін оруды мен егінді маялау жұмыстарының арасында алпаңдық болмауына әреңше назар аударылды. Сондықтан да егін маялауда жүрген Р. Төленбин, К. Әділова және К. Матина сы

—170 процент болады.

Бригада мүшелерінің егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында қажырлы қайратпен еңбек істеуі бригадаға берілген 480 гектар егіннің деркесінде шапшай-төкпей жыйналуын қамтамасыз етті. Отан соғысының жауынгері Молдакметов жолдас басқарған керуеншілер бригадасы дайындау орнына 800 пұт астық жеткізді. Керуеншілер кейде астық тасуға өздерінің жеке меншіктеріндегі сыйырларын да пайдаланды.

—Қазақ ССР-ның 25 жылдығына дейін, — дейді бригадир Вимамбетов жолдас, — бригаданың берілген ауыл шаруашылық жұмыстарының тапсырмасын сөзсіз орындап шығамыз. Бұл — біздің мерекеге тартуымыз болады.

Қ. БАЯЗИЕВ,
Т. КӘКІМОВ.

Бонюхов ауданындағы Жаңа турмыс бастауыш мектебінде оқу сапасы нашар. Мұның басты себебі — оқу құралдарының жеткіліксіздігі.

Аудандық тұтынушылар одағы арқылы, Лебяжин селолық советіне келген кітаптар мектептерге бөлінбеді. Ал тұтынушылар одағындағылардан жоғарғы класстар үшін әкелінген оқу құралдарының қайда екенін сұрасаңыз олар мектептерге бөлінген деп жауап береді. Шынында оқу құралдарының әлі күнге мектептерге бөлінбей, қоймаларда жатқандығы анықталды.

Қолда бар оқу құралдарының әлі күнге дейін бөлінбеуіне кім кінәлі? Бұл сұраққа жауапты аудандық оқу бөліміндегілерден күтеміз.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

Югославияның неміс-фашисттік ителгендігіне бір жыл толуына байланысты көп адам қатысқан жыйындар мен демонстрациялар

БЕЛГРАД, 16 октябрь. (ТАСС). Младеншавац, Лесковац, Ниш, Обреновац және Крушевац қалаларында бұл қалалардың неміс басқыншылардан азат етілгеніне бір жыл толуына байланысты көп адам қатысқан жыйындар мен демонстрациялар болып өтті. Жыйынға қатысушылар гитлершілдік

Висбабене немістердің 88 соғыс қылмысшыларына үкім шығарылды

ЛОНДОН, 16 октябрь. (ТАСС). Американың Германиядағы оккупациялау аймағында, Висбабен қаласында немістердің

Советтік Қыйыр Шығыс

Советтік Қыйыр Шығыс — Отанымыздың бір бөлігі. Мұнан үш ғасыр бұрын, 1644 жылы орыстың ержүрек зерттеушісі Поляков Тынық мұхит жағалауына дейін барды. Оның ізінше атақты орыс зерттеушілері: Хабаров, Дежнев, Беринг, Пржевальский және басқалары Тынық мұхитқа жол ашты. Қыйыр Шығыстың ұлан байтақ кең жерін зерттеді. Зерттеушілердің соңынан орыс қонысшылары барып, бұл жаңа өлкеңі мекендеді.

Халқымыз он жылдар бойына Қыйыр Шығысты зерттеп, қоңыс етті, қалалар мен селолар, жолдар, рудниктер, шахталар мен заводтар салды. Олар ормандардың ағаштарын түп-тамырымен қонарып, орнына егін екті, теңіздердің жағалауына портты қалалар орнатты. Қыйыр Шығыстың бүкіл елімізбен тығыз байланысын В. И. Ленин: «Владивосток алыс, бірақ, ол біздің қаламыз ғой» деген сөздерімен сипаттады.

1918 жылы Жапония ол кезде Англияның, Франциямен АҚШ-тың совет еліне қырын қарауынан пайдаланып, оларға сүйене отырып, 1904 жылдағыдай, елімізге тағы да тап берді. Қыйыр Шығысты басып алды; ондағы халқымызды 4 жыл бойына айрандап, тонады. Жас Қызыл Армия мен партизандар 1922 жылы жапон басқыншыларын Қыйыр Шығыстан аластап, айдап шықты. Бірақ, самурайлар бұған көңісі келмеді. Советтік Қыйыр Шығысты басып алу ниетімен олар 20 жыл бойына шекарада жанжал шығарумен келді.

1938 жылы жапон империалистері Хасан көлі маңында Советтер Одағына тап берді. Бір жылдан кейін олар Халхин-Гол ауданында, Монгол Халық Республикасының шекарасы маңында тағы

да шабуыл жасады. Мұның екеуінде де Қызыл Армия жапон самурайларын талқандап, Қыйыр Шығыста Советтер Одағының өз Отанын қорғайтын алып күшін көрсетті.

Бұған қарамастан, Жапония, әсіресе, Гитлер Германиясына қарсы совет халқының соғысы кезінде Советтер Одағына жаңадан шабуыл жасауға даярлана берді. Дүние жүзілік соғыстың Европадағы ошағы — Германия талқандалғаннан кейін де Жапонияның шығыстан совет еліне шабуыл жасау хауы жойылмады. Жапонияның құрғақтағы күштерінің көбі Маньчжурияда және Оңтүстік Сахалинде болды. Советтер Одағы мен олактастар алдына дүние жүзілік соғыстың Жапониядағы ошағын жою міндеті қойылды. Совет үкметі 1945 жылғы 9 августта Советтер Одағының Жапонияға қарсы соғысқа қосылғанын жариялады.

«Жапон басқыншылары, — деді Сталин жолдас 1945 жылғы 2 сентябрьде радио арқылы сөйлеген сөзінде, — одақтастарымыз — Қытайға, Америка Құрама Штаттарына, Ұлы Британияға зиян келтірумен ғана қоймағанын атап көрсету қажет. Олар біздің елімізге де өте көп зиян келтірді. Сондықтан, Жапониямен айрысатын біздің тағы ерекше өз есебіміз де бар».

1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында патшалық Ресейдің жеңілуінен пайдаланып, Жапония біздің Оңтүстік Сахалинді басып алды. Күриль аралдарына орнығып, біздің елің шығыс жағы Камчаткадан және Чукоткадан Тынық мұхитқа шығатын жолдарының бәрін бекітті. 1904 жылы орыс әскерлерінің жеңілуі халқымызға қатты батты, елімізге қара таңба болды. Бірақ, «Жапония тал-

қандалып, бұл таңба жойылатын күн туатындығына халқымыз сенді» (И. Сталин).

Бұл күн 1945 жылғы 2 сентябрьде тұды. Бұл күні Жапония Қызыл Армияның және ағылшын-америка әскерлерінің еселеген соққысына төтеп бере алмай, лажсыздан тізе бүгу туралы актыға қол қойды. Сөйтіп, «Оңтүстік Сахалин мен Күриль аралдары Советтер Одағына көшіп, бүгіннен бастап олар Жапония үшін Советтер Одағын мұхиттан қол үздіретін құрал, біздің Қыйыр Шығысымызға шабуыл жасайтын база болудан қалып, Советтер Одағының мұхитпен тікелей байланыс жасау құралы және елімізді жапон шапқыншыларынан қорғау базасы болды» (Сталин). Сол күннен бастап Қыйыр Шығыстағы орыс жерінің бәрі қайтадан өзінің Отанына қосылды. Совет елі өзінің ұлы мұхиттық ұлы мемлекет атану правосын қорғап қалып, біржолата баяндатты.

Советтік Қыйыр Шығыстың жері 3 миллион шаршы километр. Бұл бүкіл батыс Евразияның жартысынан артық. Оның жерінің жартыға жуығында дүние жүзіндегі ең үлкен Чукотка және Камчатка түбектері бар. Қыйыр шығыс төрт теңізбен: Оңтүстік жақта Жапон теңізімен, шығыс жақта Охот және Беринг теңіздерімен, солтүстік жақта Чукотка теңізімен жапсарлас. Оның жағалауы Владивостоктен Дежнев мүйісіне дейін бірнеше мың километрге созылады.

Қыйыр Шығыстың жаратылысы әралуан. Мұнда солтүстікте ормансыз батпақты тундра, солтүстігінде қалың орман, жайқалған тоғай, мол сулы өзендер мен көлдер, мәңгілік мұз бен қар және түрлі ыстық үйек өсімдіктері кездеседі. Бұл жерлерде болған адамдар кең Амур өзенінің мәңгілік Уссури ормандарын, Чукотканың ұшы-қийры жоқ кең даласын,

Камчатканың, Сахалиннің, Приморьеңің өркенітелген тауларын ешуақытта ұмытпайты.

Қыйыр Шығысты Сихоте-Алинь, Бурейн, Джунджур, Колыма, Анадыр таулары кесіп өтеді. Сахалин мен Камчатканың жері де таулы келеді. Советтер Одағында өшпеген жанар таулар бар. Камчаткада ғана бар. Мұндағы Ключев тауы дүние жүзіндегі ең үлкен жанар таулардың бірі болып есептеледі. Жанар тауының бәрі тау Амур және Уссури облыстарында жері құнарлы үлкен ойпаттар бар. Облыстардың көп жері қымбатты ағаштар өсетін қалың орман. Қыйыр Шығыста тыйын, түлкі, сусар, құндыз сияқты неше түрлі бағалы аңдар көп. Бұл өлкеде мүйізді қымбатты сан мың бұғылар өседі.

Қыйыр Шығыстың теңіздері мен өзендерінде неше түрлі қымбатты балықтар бар. Охот теңізінің өзінде ғана 35 түрлі балық ауланады. Қыздігуі Лосос балығы үйір-үйірімен ұылдырығын шаңуға шыққанда тіпті қайықты жүргізбейді. Камчатканың жағалауында орасан көп краб ауланады. Командор аралдарында терісі өте қымбатты теңіз мысығы мен теңіз қамасы көп болады. Чукот және Беринг теңіздерінде морж, ит балық, киттер көп кездеседі.

Қыйыр Шығыстың кең байлықтары әлі аз зерттелген. Бірақ, қазірдің өзінде онда орасан көп алтын, қорғасын, мырыш, көмір, мұнай, темір, вольфрам, қалайы, марганец, графит, кендері, сирек кездесетін металдар бар. Тас көмір, әсіресе, Артемовка, Сучан, Бурей аудандарында, темір кені Амурдың төменгі жағында, алтын Алданда, Бурейда, Амур бойында, мұнай Сахалин мен Камчаткада көп.

Патша үкметі тұсында Қыйыр Шығыстың шаруашылығы өте артта қалған еді. Өлкеңің ұшан теңіз байлығы өте аз

пайдаланылды. Тек шағын кәсіп орындары мен компаниялар ғана алтын, көмір шығарды, балық аулады, ағаш дайындады. Өңдеу өнеркәсібі мүлде болмады. Ауыл шаруашылығының өнімі жергілік ті халықтың өзіне де жетпеді.

Совет өкметі тұсында, әсіресе, сталиндік бесжылдықтар кезінде Қыйыр Шығыста өнеркәсіп құрылысы кеңінен күшейтілді, өлкеңің құнарлы жерлеріне неше түрлі ауыл шаруашылық егістері егілді. Қыйыр Шығыс өркендеп, еліміздің Тынық мұхит бойындағы өнеркәсіп ордасына айналды. Алдандағы алтын өнеркәсібінде механикаланған ірі кәсіп орындары салынды. Көмір шахталары механикаланды. Бурей бассейні «Қыйыр Шығыстың Донбасына» айналды. Барлық аулау кәсібі де механикаланды. Жапон және Охот теңіздерінің жағалауында балық тұздайтын, балық консервілейтін көп заводтар салынды. Ағаш өнеркәсібі әлденеше есе өсті. Жаңадан мұнай шығару мұнай өңдеу өнеркәсібі, машина және кеме жасау өнеркәсібі, қара және түсті металлургия өнеркәсібі құрылды. Жаңа электр станциялары, нан заводтары, тігін фабрикалары салынды, цемент өнеркәсібі бірнеше есе күшейтілді.

Отан соғысына дейін бүкіл Советтер Одағында ауланатын балықтың төрттен бірінен артығы, қымбатты аң терілерінің үштен бірі, алтын мен қорғасынның, да йындалатын ағаштың едәуірі Қыйыр Шығыстан алынатын Отан соғысы кезінде Қыйыр Шығыстың маңызы онан сирек күшейді. Мұнда жаңадан бірсыпыра кәсіпорындары салынды, өнеркәсіптің жаңа салалары құрылды.

Жаңа қалалар, жаңа жолдар салынуы Қыйыр Шығыстың совет өкметі тұсында қандай өркендегендігіне айқын дәлелдердің бірі. Қыйыр Шығыста жаңадан Комсомольскі, Магадан, Биробиджан, Советская Гавань қалалары салынды. Бұрынғы

қалалар — Хабаровскі, Никольскі-Уссурийскі (Ворошилов) көркейтілді. Владивосток маңдай алды сауда портына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Тынық мұхит соғыс флотының базасын айналдырылды. Забайкал және Уссурий темір жолдары бойында қос жол салынды. Хабаровский мен Комсомольскі жолдары мен әуе жолдары көбейтілді. Теңіздер мен өзендерде кеме қатынасы бірнеше есе күшейтілді.

Сталиндік бесжылдықтар кезінде Ресейдің орталық аудандарынан және Уралдан Қыйыр Шығысқа саяси және экономикалық көшіп барды. Олар және жергілікті халық үкметтен көп көмек алып, колхоздарын маңдай алды ауыл шаруашылық техникасымен жабдықтады, олар сан көп тың жерді жырттып, егін екті. Бұрын егілетін бидай мен сұлыдан басқа жаңа егістер — күріш, соя, қант қызы шасы егіле бастады. Қыйыр Шығыс жыл сайын елімізге миллиондаған астық беріп тұрады. Камчатка мен Чукоткада да ауыл шаруашылығы ойдағыдай өркендеуде. Қушті техника көмегімен Қыйыр Шығыс колхозшылары қалың орманды айдап, батпақтарды тірітіп, мәңгі тоңазыған аудандарды ігеруде.

БК(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қарары бойынша, қазіргі уақытта соғыстан кейін сталиндік бесжылдық жоспарлары жүзеге асырылып, Социалистік Отанымыз онан сирек өркендеп қуаты арта бермек. Совет Қыйыр Шығыс өзінің шаруашылығы мен мәдениетін өркендету ісінде табыстарға жетпек. Қыйыр Шығыс советтер Одағының шығыстағы ошағын қуатты қамалы болады.

И. ЧИГВИНЦ

Жауапты редактордың орынбасары
Г. МҰХАМЕДЖАН